

**Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласында көрсетілетін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы" 2015 жылғы 9 қыркүйектегі № 3/539 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Алматы қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 4 желтоқсандағы № 4/499 қаулысы. Алматы қаласы әділет департаментінде 2017 жылғы 20 желтоқсанда № 1438 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 20 қазандағы № 4/438 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 20.10.2020 № 4/438 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" заңдарына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласында көрсетілетін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы" 2015 жылғы 9 қыркүйектегі № 3/539 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1207 болып тіркелген, 2015 жылғы 20 қазанда "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының кіріспесі мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 279 "Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

1-тармақтағы:

"Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

"Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

"Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына қатысуға жолдамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

"Жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін не корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

"Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 6-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

"Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 7-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

"Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 8-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

"Мүгедектерді сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 9-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

"Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 10-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

"Мүгедектерге кресло-арбалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 11-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

"Мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 12-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

"Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 13-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

"Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 14-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

"Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 15-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

3) және 17) тармақшалар алынып тасталсын.

2. Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, кейіннен ресми мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және Алматы қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М. Дәрібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы қаласының әкімі*

*Б. Байбек*

Алматы қаласы әкімдігінің  
2017 жылғы 4 желтоқсандағы  
№ 4/499 қаулысына 1 қосымша  
Алматы қаласы әкімдігінің  
2015 жылғы 9 қыркүйектегі  
№ 3/539 қаулысына 1 қосымша

## **"Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті 1. Жалпы ережелер**

1. "Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген "Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының аудандық бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетілетін қызметті алушының тұрақты мекенжайы бойынша көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация);

2) көрсетілетін қызметті беруші.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы хабарлама.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау**

4. Көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету үшін Стандарттың 9 тармағында көрсетілген қажетті құжаттар мен өтінішті алу мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-әрекетті) бастауға негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің маманы көрсетілетін қызметті алушы тізбемен анықтаған толық құжаттар топтамасын ұсынған жағдайда, өтінішті 20 (жиырма) минут ішінде журналға тіркейді;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 10 (он) минут ішінде кіріс құжаттарымен танысады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманын анықтайды;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы 2 (екі) жұмыс күні ішінде оларды он сегіз жасқа дейінгі балаларға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алуға өтініш берген тұлғалардың (отбасылардың) материалдық жағдайын тексеруді жүргізу бойынша учаскелік комиссияға (бұдан әрі – учаскелік комиссия) жібереді;

4) учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және материалдық жағдайын тексеру нәтижелері негізінде қорытынды дайындайды.

Азаматтар алғаш жүгінген кезде учаскелік комиссия балаларға арналған жәрдемақы алуға үміткер отбасының материалдық жағдайына тексеру жүргізеді және акт жасайды. Азаматтар күнтізбелік бір жылдың ішінде қайталап өтініш білдірген кезде учаскелік комиссияның балаларға арналған жәрдемақыны алуға үміткер отбасының материалдық жағдайына тексеру жүргізуі көрсетілетін қызметті алушының (отбасының) тұрғылықты жері (бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде), отбасының құрамы мен табысы өзгерген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы ұсынған деректерді нақтылау кезінде жүргізіледі;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы 2 (екі) жұмыс күні ішінде балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау туралы (тағайындаудан бас тарту) шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда - негіздемесін көрсете отырып) хабарлама дайындайды.

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) өтінішті тіркеу және басшысына қарау үшін беру;

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманын анықтау және көрсетілетін қызметті көрсету үшін құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманына беру;

3) қорытынды дайындау үшін учаскелік комиссияға беру;

4) қорытынды дайындау және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманына беру;

5) он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы хабарламаны беру.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау**

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы;

3) учаскелік комиссия.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлердің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдың) бірізділігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті берушінің маманы көрсетілетін қызметті алушы тізбемен анықтаған толық құжаттар топтамасын ұсынған жағдайда, өтінішті 20 (жиырма) минут ішінде журналға тіркейді;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 10 (он) минут ішінде кіріс құжаттарымен танысады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманын анықтайды;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы 2 (екі) жұмыс күні ішінде оларды учаскелік комиссияға береді;

4) учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының ұсынған құжаттарының және

материалдық жағдайын тексерудің нәтижелері негізінде қорытынды дайындайды

Азаматтар алғаш жүгінген кезде учаскелік комиссия балаларға арналған жәрдемақы алуға үміткер отбасының материалдық жағдайына тексеру жүргізеді және акт жасайды. Азаматтар күнтізбелік бір жылдың ішінде қайталап өтініш білдірген кезде учаскелік комиссияның балаларға арналған жәрдемақыны алуға үміткер отбасының материалдық жағдайына тексеру жүргізуі көрсетілетін қызметті алушының (отбасының) тұрғылықты жері (бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде), отбасының құрамы мен табысы өзгерген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы ұсынған деректерді нақтылау кезінде жүргізіледі;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы 2 (екі) жұмыс күні ішінде балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау туралы (тағайындаудан бас тарту) шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда - негіздемесін көрсете отырып) хабарлама дайындайды.

#### **4. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау**

9. Мемлекеттік корпорацияға жүгіну тәртібінің сипаттамасы, көрсетілетін қызметті алушының сұрау салуын өңдеудің ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 9 тармағында көрсетілген өтінішті және қажетті құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға тапсырады, Мемлекеттік корпорация маманы 15 (он бес) минут ішінде құжаттарды қабылдайды және Мемлекеттік корпорацияның жинақтаушы бөліміне көрсетілетін қызметті берушіге жіберу үшін жолдайды;

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы алынған құжаттарды 20 (жиырма) минут ішінде тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына бұрыштама қоюға жолдайды;

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 10 (он) минут ішінде кіріс құжаттармен танысады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманын анықтайды;

4) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы 2 (екі) жұмыс күні ішінде оларды учаскелік комиссияға жібереді;

5) учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының ұсынған құжаттарының және материалдық жағдайын тексеру нәтижелері негізінде қорытынды дайындайды.

Азаматтар алғаш жүгінген кезде учаскелік комиссия балаларға арналған жәрдемақы алуға үміткер отбасының материалдық жағдайына тексеру жүргізеді және акт жасайды. Азаматтар күнтізбелік бір жылдың ішінде қайта өтініш білдірген кезде учаскелік комиссияның балаларға арналған жәрдемақыны алуға үміткер отбасының материалдық жағдайына тексеру жүргізуі көрсетілетін қызметті алушының (отбасының) тұрғылықты жері (бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде), отбасының құрамы мен табысы өзгерген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы ұсынған деректерді нақтылау кезінде жүргізіледі;

б) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы 2 (екі) жұмыс күні ішінде балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау туралы (тағайындаудан бас тарту) шешім қабылдайды және Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

7) Мемлекеттік корпорация маманы 15 (он бес) минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыға он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы хабарламаны береді.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін Мемлекеттік корпорация арқылы алу процесінің сипаттамасы, оның ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға өтінішті және қажетті құжаттарды электрондық кезек ретімен тапсыруды "кедергісіз" қызмет көрсету арқылы операциялық залда жүзеге асырады – 2 (екі) минут ішінде;

2) 1 процесс – мемлекеттік қызмет көрсету үшін Мемлекеттік корпорацияның қызметкері Мемлекеттік корпорация ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінің автоматтандырылған жұмыс орнына (бұдан әрі - МК ҮАЖ АЖО) логинмен және парольді (авторизациялау үдерісі) енгізеді - 1 (бір) минут ішінде;

3) 2 процесс – Мемлекеттік корпорацияның қызметкері қызметті тандайды, экранға мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұраныс нысанын шығаруы және Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушының, сонымен қатар сенім хат бойынша көрсетілетін қызметті алушы өкілінің ( нотариалдық куәландырылған сенім хат болған жағдайда, басқа куәландырылған сенім хатының мәліметтері толтырылмайды) мәліметтерін енгізеді – 2 (екі) минут ішінде;

4) 3 процесс – электрондық үкімет шлюзі (бұдан әрі - ЭҮШ) арқылы жеке тұлғалар мемлекеттік деректер қорына (бұдан әрі - ЖТ МДҚ) көрсетілетін қызметті алушының мәліметтері, сонымен қатар Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйеде (бұдан әрі – БНАЖ) көрсетілетін қызметті алушы өкілінің сенімхатының мәліметі туралы сұранысын жолдау – 2 (екі) минут ішінде;

5) 1 шарт - ЖТ МДҚ көрсетілетін қызметті алушының мәліметтерінің және БНАЖ-дағы сенімхат мәліметтерінің бар болуын тексеру – 1 (бір) минут ішінде;

б) 4 процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЖТ МДҚ мәліметтерінің, БНАЖ-дағы сенімхат мәліметтерінің болмауына байланысты мәліметтерді, алуға

мүмкіншіліктің жоқтығы туралы хабарламаны қалыптастыру – 1 (бір) минут ішінде;

7) 5 процесс – аймақтық электрондық үкімет шлюзі автоматтандырылған жұмыс орнына (бұдан әрі – АЭҮШ АЖО) ЭҮШ арқылы Мемлекеттік корпорация қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған (қол қойылған) электрондық құжатты (көрсетілетін қызметті алушының сұранысын) жолдау – 1 (бір) минут ішінде;

8) 6 процесс – АЭҮШ АЖО-да электрондық құжаттарды тіркеу – 1 (бір) минут ішінде;

9) 2 шарт – көрсетілетін қызметті беруші арқылы көрсетілетін қызметті алушының ұсынған құжаттарын тексеру (өңдеу) – 1 (бір) минут ішінде;

10) 7 процесс – көрсетілетін қызметті алушының құжаттарында бар бұзушылықтарға байланысты сұраудағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетіден бас тарту туралы дәлелді жауап жөніндегі хатты қалыптастыру – 1 (бір) минут ішінде;

11) 8 процесс – көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік корпорация қызметкері арқылы АЭҮШ АЖО-да жинақталған мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін (хабарлама немесе бас тарту туралы дәлелді бас тарту) алу – 2 (екі) минут ішінде;


Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігінің, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы, сонымен қатар өзге көрсетілетін қызметті берушілермен және (немесе) Мемлекеттік корпорациямен өзара іс-қимыл тәртібінің және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы регламенттің қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

11. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы көрсету қарастырылмаған.





"Он сегіз жасқа дейінгі балаларға  
мемлекеттік жәрдемақы тағайындау"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
регламентіне  
қосымша

**Мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы**





## Шартты белгілері:

-  - мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
-  - көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;
-  - таңдау нұсқасы;
-  - келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

Алматы қаласы әкімдігінің  
2017 жылғы 4 желтоқсандағы  
№ 4/499 қаулысына 2 қосымша  
Алматы қаласы әкімдігінің  
2015 жылғы 9 қыркүйектегі  
№ 3/539 қаулысына 2 қосымша

## "Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті 1. Жалпы ережелер

1. "Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген "Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет

стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының аудандық бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетілетін қызметті алушының тұрақты мекенжайы бойынша көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация);

2) көрсетілетін қызметті беруші;

3) мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеуді тағайындау, сондай-ақ мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеуді тағайындау (бұдан әрі – жәрдемақы) туралы ақпарат алу кезінде [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: жәрдемақы тағайындау туралы хабарлама.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау**

4. Көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету үшін Стандарттың 9 тармағында көзделген қажетті құжаттар мен өтінішті алу немесе көрсетілетін қызметті алушының электрондық сұрау салуы мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-әрекетті) бастауға негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы көрсетілетін қызметті алушының қажетті құжаттарды тапсырған кезден бастап 30 (отыз) минут ішінде қабылдайды және олардың тіркелуін жүзеге асырады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 10 (он) минут ішінде кіріс құжаттарымен танысады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманына жазады;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы ұсынылған құжаттарды 10 (он) жұмыс күн ішінде тексереді, жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді және хабарламаны дайындайды;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 10 (он) минут ішінде жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімге және хабарламаға қол қояды;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы 15 (он бес) минут ішінде қабылданған шешім (бас тартқан жағдайда - негіздемесін көрсете отырып) туралы хабарламаны береді.

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) өтінішті тіркеу;

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманын анықтау және мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманына құжаттарды жолдау;

3) ұсынылған құжаттарды тексеру, жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім мен хабарлама дайындау;

4) шешім және хабарламаға қол қою;

4) жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны беру.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау**

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлердің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдың) сабақтастығын сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы көрсетілетін қызметті алушының қажетті құжаттарды тапсырған кезден бастап 30 (отыз) минут ішінде қабылдайды және олардың тіркелуін жүзеге асырады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 10 (он) минут ішінде кіріс құжаттарымен танысады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманына жазады;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы ұсынылған құжаттарды 10 (он) жұмыс күн ішінде тексереді, жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді және хабарламаны дайындайды;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 10 (он) минут ішінде жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімге және хабарламаға қол қояды;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы 15 (он бес) минут ішінде қабылданған шешім (бас тартқан жағдайда - негіздемесін көрсете отырып) туралы хабарламаны береді.

#### **4. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен және ( немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау**

9. Мемлекеттік корпорацияға жүгіну тәртібін және көрсетілетін қызметті алушының сұранысын өндеу ұзақтығын сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген өтінішті және қажетті құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға тапсырады, Мемлекеттік корпорация маманы 15 (он бес) минут ішінде құжаттарды қабылдайды және Мемлекеттік корпорацияның жинақтаушы бөліміне көрсетілетін қызметті берушіге жіберу үшін жолдайды;

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы алынған құжаттарды 30 (отыз) минут ішінде тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына бұрыштама қоюға жолдайды;

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 10 (он) минут ішінде кіріс құжаттармен танысады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманына жазады;

4) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы ұсынылған құжаттарды 10 (он) жұмыс күн ішінде тексереді, жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді және хабарламаны дайындайды;

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 10 (он) минут ішінде жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімге және хабарламаға қол қояды;

6) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы 20 (жиырма) минут ішінде хабарламаны тіркейді және Мемлекеттік корпорацияға жолдайды;

7) Мемлекеттік корпорация маманы 15 (он бес) минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыға жәрдемақы тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы хабарламаны береді.

10. Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының жүгіну және рәсімдерінің (іс-әрекеттерінің) реттілігі тәртібін сипаттау:

1) жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН), сондай-ақ парольдің (порталда тіркелмеген көрсетілетін қызметті алушы үшін жүзеге асырылады) көмегімен көрсетілетін қызметті алушы порталға тіркеледі;

2) 1 процесс - қызметті алу үшін порталда көрсетілетін қызметті алушының ЖСН және парольін (авторизациялау үдерісі) енгізу процесі;

3) 1 шарт - ЖСН және пароль арқылы тіркелген көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерінің дұрыстығын порталда тексеру;

4) 2 процесс - көрсетілетін қызметті алушының мәліметтерінде бұзушылықтардың болғандығына байланысты, авторизациядан бас тарту туралы порталда хабарламаны қалыптастыру;

5) 3 процесс – көрсетілетін қызметті алушы осы регламентте көрсетілген қызметті таңдайды, қызметті көрсету үшін экранға сұраныстың нысаны шығарылады, және үлгі талаптарының және оның құрылымын ескере отырып, көрсетілетін қызметті алушы нысанды (мәліметтерді енгізу) толтырады, Стандарттың 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттар көшірмелерінің электрондық түрінде сұраныс нысанына жалғайды, сондай-ақ сұранысты куәландыру (қол қою) үшін көрсетілетін қызметті алушы электрондық цифрлық қолтаңбаны (бұдан әрі – ЭЦҚ) тіркеу куәлігін таңдау;

6) 2 шарт – порталда ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолдану мерзімін және қайтарылған (жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімінде жоқтығын, сонымен бірге сәйкестендіру мәліметтерінің сәйкестігін (сұраныста көрсетілген ЖСН және ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН аралығын) тексеру;

7) 4 процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ дұрыстылығының расталмағандығына байланысты, сұратылып жатқан қызметтен бас тарту туралы хабарлама қалыптастыру;

8) 5 процесс – көрсетілетін қызметті алушының сұранысын өңдеу үшін электрондық үкіметтің шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған (қол қойылған) электрондық құжаттарын (көрсетілетін қызметті алушының сұранысы) "Е-собес" ақпараттық жүйесіне жолдау;

9) 3 шарт - көрсетілетін қызметті берушінің Стандарттың 9-тармағында көрсетілген және қызмет көрсету үшін негіз болатын көрсетілетін қызметті алушының жалғаған құжаттарының сәйкестігін тексеруі;

10) 6 процесс - көрсетілетін қызметті алушының құжаттарында бұзушылықтардың болғандығына байланысты, сұратылып отырған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

11) 7 процесс – көрсетілетін қызметті алушының порталда қалыптастырылған қызметтің нәтижесін (электрондық құжат нысаны бойынша хабарлама) алуы.


Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған ақпараттық жүйелерінің функционалдық өзара іс-әрекеттерінің диаграммасы осы регламенттің 1 қосымшасына сәйкес көрсетілген.





Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) сабақтастығының, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы, сонымен қатар өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен және (немесе) Мемлекеттік корпорациямен өзара іс-қимыл тәртібінің және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы регламенттің 2 қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

"Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1 қосымша

**Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған ақпараттық жүйелерінің функционалдық өзара іс-әрекеттерінің диаграммасы**




**Шартты белгілер:**





-  - нәтиже;
-  - бастапқы хабарлама;
-  - аралық хабарлама;
-  - басқару ағыны;
-  - хабарлама ағыны.

"Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне  
2 қосымша

**Мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы**



### Шартты белгілер:

-  - мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
-  - көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;
-  - таңдау нұсқасы;
-  - келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

Алматы қаласы әкімдігінің  
2017 жылғы 4 желтоқсандағы  
№ 4/499 қаулысына 3 қосымша  
Алматы қаласы әкімдігінің  
2015 жылғы 9 қыркүйектегі  
№ 3/539 қаулысына 4 қосымша

## "Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті 1 . Жалпы ережелер

1. "Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау



және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген "Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде "Халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетілетін қызметті алушының тұрақты мекенжайы бойынша көрсетеді.

"Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) "Халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;
- 2) [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал).

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдама беру, ол мыналарды қамтиды:

- 1) жұмысқа орналасуға жолдама;
- 2) жастар практикасына жолдама;
- 3) әлеуметтік жұмыс орындарына жолдама;
- 4) қоғамдық жұмыстарға жолдама не Стандарттың 10 тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы**

4. Көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушыдан Стандарттың 9 тармағында көзделген мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттарды немесе көрсетілетін қызметті алушының электрондық өтінімін алуы мемлекеттік қызметті көрсету үшін негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-әрекеттің) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы көрсетілетін қызметті алушы өтініш пен тиісті құжаттарды тапсырған кезден бастап 5 (бес) минут

ішінде алынған құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті беруші басшысының бұрыштамасын алуға жолдайды;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 5 (бес) минут ішінде кіріс құжаттарымен танысады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманына жібереді;

3) жауапты маманның өтінімді жолдауы және тиісті мемлекеттік ақпарат жүйесінен "электронды үкімет" шлюзі арқылы мәліметтер алу, 5 (бес) минут ішінде;

4) көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ресімдеу және беру, 5 (бес) минут ішінде.

6. Келесі рәсімді (іс-әрекетті) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету рәсімінің (іс-әрекеттің) нәтижесі:

1) құжаттарды қабылдау және тіркеу;

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманын айқындау және мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманына жолдау;

3) сұрау салуды жолдау;

4) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ресімдеу және беру.

### **3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы**

7. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы.

8. Әрбір рәсімнің (іс-әрекеттің) ұзақтығын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) арасындағы рәсімдер (іс-әрекеттер) реттілігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы көрсетілетін қызметті алушы өтініш пен тиісті құжаттарды тапсырған кезден бастап 5 (бес) минут ішінде алынған құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті беруші басшысының бұрыштамасын алуға жолдайды;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 5 (бес) минут ішінде кіріс құжаттарымен танысады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманына жібереді;

3) жауапты маманның өтінімді жолдауы және тиісті мемлекеттік ақпарат жүйесінен "электронды үкімет" шлюзі арқылы мәліметтер алу, 5 (бес) минут ішінде;

4) көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ресімдеу және беру, 5 (бес) минут ішінде.

#### **4. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен және ( немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібінің, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы**

9. Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде жүгіну тәртібінің және көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының рәсімдері (іс-әрекеттері) реттілігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті алушының интернет-браузерінде сақталатын (порталда тіркелмеген тұтынушылар үшін) өзінің электронды-цифрлық қолтаңбасының (бұдан әрі – ЭЦҚ) көмегімен порталға тіркелуді жүзеге асырады;

2) 1 процесс – көрсетілетін қызметті алушы компьютерінің интернет-браузеріне ЭЦҚ тіркеу, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін порталға алушының парольді енгізуі (авторизациялау процесі);

3) 1 шарт – логин және пароль арқылы тіркелген көрсетілетін қызметті алушы туралы деректердің дұрыстығын порталда тексеру;

4) 2 процесс – көрсетілетін қызметті алушының Регламентте көрсетілген қызметті порталда таңдауы, көрсетілетін қызметті алушының қызметті көрсету үшін сұрау салу нысанын экранға шығаруы және оның құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып, нысанды толтыруы (деректреді енгізуі), сұрау салу нысанына қажетті құжаттарды электронды түрде тіркеу;

5) 2 шарт – порталда ЭЦҚ қолданылу мерзімін, қайтарылған (күші жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімінде болмауын, сондай-ақ сәйкестендіру деректерінің сұрау салуда және ЭЦҚ-да көрсетілген жеке сәйкестендіру нөміріне (бұдан әрі – ЖСН) сәйкес келуін тексеру;

6) 3 процесс – қызметті көрсетуге арналған өтінімнің толтырылған нысанын (енгізілген деректер) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ арқылы куәландыру (қол қою);

7) 4 процесс – порталда электрондық құжатты (көрсетілетін қызметті алушының сұрау салуы) тіркеу және сұрау салуды порталда өңдеу;

8) 3 шарт – көрсетілетін қызметті алушының жеке деректерін автоматтандырылған ақпараттық жүйеге енгізу;

9) 5 процесс – көрсетілетін қызметті алушы деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты порталда сұратылып отырған көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы хабарлама қалыптастыру;


10) 6 процесс – көрсетілетін қызметті алушының порталда қалыптастырылған көрсетілетін қызметтердің (жұмыссыз ретінде тіркеу және есепке қою туралы хабарлама) нәтижесін алуы. Электрондық құжат көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ пайдалана отырып қалыптастырылады.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсетуге тартылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылдары осы регламенттің 1 қосымшасына сәйкес диаграммада берілген.





Рәсімдер (іс-әрекеттер) реттілігінің, көрсетілетін қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті беруші мамандарының өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы осы регламенттің 2 қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процесінің анықтамалығында келтірілген.

Адамдарға жұмыспен қамтуға  
жәрдемдесудің белсенді  
шараларына қатысуға  
жолдамалар беру" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
регламентіне 1 қосымша

**Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған ақпараттық жүйелерінің функционалдық өзара іс-әрекеттерінің диаграммасы**




### Шартты белгілер:




-  - Процесс;
-  - Шарт;
-  - Басқару ағыны;
-  - Соңғы пайдаланушыға ұсынылған электрондық құжат;
- АЖ - Ақпараттық жүйе;
- Портал - www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы
- ЭҮШ - «электронды үкімет» шлюзі

Адамдарға жұмыспен камтуға  
жәрдемдесудің белсенді  
шараларына қатысуға  
жолдамалар беру" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
регламентіне 2 қосымша

# Мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



## Шартты белгілер:

-  - мемлекеттік қызметті көрсетудің басталуы мен аяқталуы;
-  - көрсетілетін қызметті алушының рәсімдерінің (іс-әрекеттерінің) атауы;
-  - келесі рәсімге (іс-әрекетке) өту.

Алматы қаласы әкімдігінің  
2017 жылғы 4 желтоқсандағы  
№ 4/499 қаулысына 4 қосымша  
Алматы қаласы әкімдігінің  
2015 жылғы 9 қыркүйектегі  
№ 3/539 қаулысына 5 қосымша

**"Жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін не корпоратившілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті 1. Жалпы ережелер**

1. "Жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін не корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген "Жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін не корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетілетін қызметті алушының тұрақты мекенжайы бойынша көрсетеді.

Көрсетілетін қызметті алушыдан өтініштерді қабылдау және оларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесі арқылы;
- 2) "электрондық үкімет" веб-порталы [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет нәтижесі: осы стандартқа 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға берілген қайта ресімделген рұқсат және ұзартылған рұқсат (бұдан әрі – шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат) не осы стандарттың 10 тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін беру нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау**

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушыдан көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандартының 2 қосымшасына сәйкес немесе электрондық құжат нысанында портал арқылы өтініш беру.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімінің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:  
рұқсатты беру:

- 1) стандарттың 9 қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге ұсынуы;  
көрсетілетін қызметті беруші мамандарының ұсынылған құжаттарды тексеруі ;
- 2) 20 (жиырма) минут ішінде қызмет берушінің жауапты маманы өтінішті қабылдап, тексеріп, құжатты тіркейді және тіркелген күні, мемлекеттік қызмет көрсетілген күн, қабылдаған маманның аты-жөні көрсетілген (егер бар болса) түбіртек береді (бұдан әрі - өтініштің жыртылмалы талоны) және қызмет алушыға стандарттың 7 қосымшасына сәйкес қолхат ұсынады және қызметті берушінің басшысына береді;
- 3) 30 (отыз) минут ішінде қызмет алушыдың өтінішін қызмет берушінің басшысы жауапты маманға жолдайды.
- 4) 2 (екі) сағат ішінде қызмет берушінің жауапты маманы құжаттардың сәйкестілігін тексереді және өтініштің орны және қаралу уақыты туралы қызметті алушыға хабарлама жібереді;
- 5) 2 (екі) жұмыс күнінің ішінде қызмет көрсетушінің аудандық бөлімінің жауапты маманы, аудандық бөлімнің кеңсесінде тіркеп, өтінішті құжаттармен бірге қызмет беруші еңбек көші-қон бөліміне жібереді;
- 6) 3 (үш) сағат ішінде еңбек көші-қоны бөлімінің қызмет көрсетуші маманы құжаттарды Қазақстан Республикасына шетелден жұмыс күшін тарту, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 27 маусымдағы № 559 бұйрығымен бекітілген " Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарының" талабына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес тексереді;
- 7) 3 (үш) сағат ішінде қызмет беруші еңбек көші-қон бөлімінің маманы аудандық бөлімнің маманынан қызмет алушының өтінішін құжаттарымен бірге қабылдап алады;
- 8) қызмет беруші еңбек көші-қон бөлімінің маманы 3 (үш) жұмыс күнінен кем емес уақытта комиссия отырысының күні, уақыты мен орны туралы ақпаратты оның ресми интернет-ресурсында жариялайды;
- 9) 5 (бес) жұмыс күні ішінде қызмет беруші еңбек көші-қон бөлімінің маманы қызмет алушының өтінішін Алматы қаласындағы шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі комиссиясының қарауына жібереді;
- 10) комиссия ұсынысты қарап, бір (1) жұмыс күні ішінде рұқсат беру немесе рұқсат беруден бас тарту туралы ұсынысты қызмет берушінің орындаушысына жібереді;



11) 3 (үш) сағат ішінде қызмет беруші еңбек көші-қоны бөлімінің маманы қызмет алушыға комиссияның ұсынымдарына сәйкес қабылданған шешім туралы хабарлама (бұдан әрі - хабарлама) дайындайды және ұсынады.

12) 30 (минут) ішінде қызмет берушінің басшысы хабарламаға қол қойып, еңбек көші-қон бөлімінің маманына хабарламаны жібереді.

13) 1 (бір) жұмыс күн ішінде еңбек көші-қон бөлімінің маманы хабарламаны тіркеп, қызметті алушыға жібереді, қызметті алушы (он жұмыс күнінің ішінде) рұқсатты бергені үшін алымды енгізгенін растайтын құжаттардың көшірмелерін (бұдан әрі – қажетті құжаттардың көшірмелерін) ұсынған жағдайда рұқсатты дайындайды және жолдайды, қызметті алушы екі жұмыс күні ішінде келмеген жағдайда орындаушы 30 (отыз) минуттан көп емес ішінде қызмет беруші кеңсе қызметкеріне рұқсатты жібереді.

14) қызмет беруші кеңсе қызметкері 1(бір) жұмыс күні ішінде қызмет алушының поштасы арқылы рұқсатты жібереді.

рұқсатты қайта рәсімдеу кезінде:

1) стандарттың 9 қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге ұсынады;

### **Мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы**



**Шартты белгілер:**

-  - мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
-  - көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;
-  - келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

Алматы қаласы әкімдігінің  
 2017 жылғы 4 желтоқсандағы  
 № 4/499 қаулысына 13 қосымша  
 Алматы қаласы әкімдігінің  
 2015 жылғы 9 қыркүйектегі  
 № 3/539 қаулысына 14 қосымша

## **"Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті 1. Жалпы ережелер**

1. "Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген "Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының аудандық бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетілетін қызметті алушының тұрақты мекенжайы бойынша көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

1. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету мерзімін көрсете отырып, құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама немесе Стандарттың 10 тармағында көзделген жағдайларда және негіздемелер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдар тәртібін сипаттау**

3. Көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің көрсетілетін қызметті алушыдан өтінішті және Стандарттың 9 тармағында қарастырылған мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды алуы мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылы) бастауға негіз болып табылады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы құжаттарды қабылдайды, оларды тіркеуді жүзеге асырады, тіркелген күні және мемлекеттік қызметті алатын күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген үзбелі талон береді және 30 (отыз) минут ішінде көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысады, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманын айқындайды, тиісті бұрыштаманы қойып, 20 (жиырма) минут ішінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманына орындауға береді;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы құжаттарды 1 (бір) жұмыс күні ішінде арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкерге береді;

4) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер мүгедектің және қарт адамның тұратын жеріне барып, тұрғын үй және басқа да материалдық-тұрмыстық жағдайларын тексеру актісін жасайды, өтініш келіп түскен күннен бастап 6 (алты) жұмыс күні ішінде арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілік жөнінде қорытынды шығарып, көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманына береді;

5) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің жауапты маманы 1 (бір) жұмыс күні ішінде құжаттарды қабылдайды және арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілік жөніндегі қорытындыны жолдау хатпен бірге медициналық-әлеуметтік мекемеде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету туралы шешім қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды;

6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы жолдау хат пен құжаттар келіп түскен күні кіріс хат-хабарлары журналына тіркеуді жүргізеді және көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасарына қарауға береді;

7) көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасары 1 (бір) жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелеріне жетекшілік ететін бөлімінің басшысына қарауға береді;

8) көрсетілетін қызметті берушінің арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелеріне жетекшілік ететін бөлімінің басшысы құжаттарды алған күні қабылданған құжаттарды 30 (отыз) минут ішінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына орындауға береді;

9) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттарды алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде азаматтарды үйде әлеуметтік қызмет көрсетуге жолдау жөніндегі комиссияға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету немесе көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдау үшін құжаттар топтамасын жолдайды;

10) азаматтарды үйде әлеуметтік қызмет көрсетуге жіберу жөніндегі комиссия келіп түскен құжаттар топтамасын қарап, 1 (бір) жұмыс күні ішінде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету немесе көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды және құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жолдайды;

11) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы азаматтарды үйде әлеуметтік қызмет көрсетуге жіберу жөніндегі комиссия арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету немесе көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөліміне азаматтарды үйде әлеуметтік қызмет көрсетуге жіберу жөніндегі комиссияның шешімі туралы хабарламаны дайындап, көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасарына қол қоюға береді;

12) көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасары 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөліміне азаматтарды үйде әлеуметтік қызмет көрсетуге жіберу жөніндегі комиссияның шешімі туралы хабарламаға қол қояды, содан кейін көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасары хабарламаға қол қойған күні құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөліміне береді;

13) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманы көрсетілетін қызметті берушіден құжаттар келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға арнайы әлеуметтік қызметтерді үй жағдайында көрсету мерзімін көрсете отырып, құжаттарды ресімдеу туралы хабарламаны не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жолдайды.

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

- 1) құжаттарды тіркеу;
- 2) көрсетілетін қызметті беруші басшысының бұрыштамасы;
- 3) әлеуметтік қызметкерге құжаттарды беру;
- 4) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілік туралы қорытынды;
- 5) құжаттарды, қорытындыны көрсетілетін қызметті берушіге жолдау;
- 6) тіркеу және көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасарына беру ;
- 7) көрсетілетін қызметті берушінің жетекшілік ететін арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімінің басшысына жіберу;
- 8) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына құжаттарды жіберу;
- 9) азаматтарды үйде әлеуметтік қызмет көрсетуге жолдау жөніндегі комиссияға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету немесе көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдау үшін құжаттарды жолдау;
- 10) шешім қабылдау;
- 11) хабарламаны дайындау;
- 12) хабарламаға қол қою;

13) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсету үй жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мерзімін көрсетіп құжаттарды ресімдеу туралы хабарламаны не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жолдайды.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау**

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманы;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің басшысы;
- 3) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 4) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы;
- 5) көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасары;
- 6) көрсетілетін қызметті берушінің арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелеріне жетекшілік ететін бөлімінің басшысы;
- 7) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы;
- 8) көрсетілетін қызметті берушінің азаматтарды медициналық-әлеуметтік мекемеге жіберу жөніндегі комиссиясы.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілген көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы құжаттарды қабылдайды, оларды тіркеуді жүзеге асырады, тіркелген күні және мемлекеттік қызметті алатын күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген үзбелі талон береді және 30 (отыз) минут ішінде көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысады, тиісті бұрыштамасын қойып, 20 (жиырма) минут ішінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманына орындауға береді;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы құжаттарды 1 (бір) жұмыс күні ішінде арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкерге береді;

4) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер мүгедектің және қарт адамның тұратын жеріне барып, тұрғын үй және басқа да материалдық-тұрмыстық жағдайларын тексеру



актісін жасайды, өтініш келіп түскен күннен бастап 6 (алты) жұмыс күні ішінде арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілік жөнінде қорытынды шығарып, көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманына береді;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы 1 (бір) жұмыс күні ішінде құжаттарды қабылдайды және арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілік жөніндегі қорытындыны жолдау хатпен бірге медициналық-әлеуметтік мекемеде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету туралы шешім қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды;

6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы жолдау хат пен құжаттар келіп түскен күні кіріс хат-хабарлары журналына тіркеуді жүргізеді және көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасарына қарауға береді;

7) көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасары 1 (бір) жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелеріне жетекшілік ететін бөлімінің басшысына қарауға береді;

8) көрсетілетін қызметті берушінің арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелеріне жетекшілік ететін бөлімінің басшысы құжаттарды алған күні қабылданған құжаттарды 30 (отыз) минут ішінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына орындауға береді;

9) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттарды алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде азаматтарды үйде әлеуметтік қызмет көрсетуге жолдау жөніндегі комиссияға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету немесе көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдау үшін құжаттар топтамасын жолдайды;

10) азаматтарды үйде әлеуметтік қызмет көрсетуге жіберу жөніндегі комиссия келіп түскен құжаттар топтамасын қарап, 1 (бір) жұмыс күні ішінде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету немесе көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды және құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жолдайды;

11) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы азаматтарды үйде әлеуметтік қызмет көрсетуге жіберу жөніндегі комиссия арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету немесе көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөліміне азаматтарды үйде әлеуметтік қызмет көрсетуге жіберу жөніндегі комиссияның шешімі туралы хабарламаны дайындап, көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасарына қол қоюға береді;

12) көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасары 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөліміне азаматтарды үйде әлеуметтік қызмет көрсетуге жіберу жөніндегі комиссияның шешімі туралы

хабарламаға қол қояды, содан кейін көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасары хабарламаға қол қойған күні құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөліміне береді;

13) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманы көрсетілетін қызметті берушіден құжаттар келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға арнайы әлеуметтік қызметтерді үй жағдайында көрсету мерзімін көрсете отырып, құжаттарды ресімдеу туралы хабарламаны не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жолдайды.


Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдер (әрекеттер) реттілігінің, көрсетілетін қызметті беруші мамандарының өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы осы Регламенттің қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-үдерісінің анықтамалығында көрсетілген.

#### **4. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен және ( немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау**





9. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамымен және оның аумақтық бөлімшелерімен және (немесе ) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл жасау, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану көзделмеген.

"Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

#### **Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы**



### Шартты белгілер:

-  - мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
-  - көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;
-  - таңдау нұсқасы;
-  - келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

Алматы қаласы әкімдігінің  
2017 жылғы 4 желтоқсандағы  
№ 4/499 қаулысына 14 қосымша  
Алматы қаласы әкімдігінің  
2015 жылғы 9 қыркүйектегі  
№ 3/539 қаулысына 15 қосымша

## "Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті 1. Жалпы ережелер

1. "Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279

бұйрығымен бекітілген "Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының аудандық бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетілетін қызметті алушының тұрақты мекенжайы бойынша көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету мерзімін көрсете отырып, құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама немесе Стандарттың 10 тармағында көзделген жағдайлар мен негіздемелер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау**

4. Көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің көрсетілетін қызметті алушыдан өтінішті және Стандарттың 9 тармағында көзделген, мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттарды алуы рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындау ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы құжаттарды қабылдайды, оларды тіркеуді жүзеге асырады, тіркелген күні және мемлекеттік қызметті алатын күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген үзбелі талон береді және 30 (отыз) минут ішінде көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің басшысына береді;

2) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің басшысы 20 (жиырма) минут ішінде кіріс құжаттарымен танысып, көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің жауапты маманына жібереді;

3) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің жауапты маманы 1 (бір) жұмыс күні ішінде арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкерге құжаттарды береді;

4) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер 9 (тоғыз) жұмыс күні ішінде арнаулы әлеуметтік

қызметтерге қажеттілік туралы қорытынды шығарып, көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманына береді;

5) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманы 1 (бір) жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілік туралы қорытындыны жолдау хатпен бірге медициналық-әлеуметтік мекемеде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету туралы шешім қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды;

6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы жолдау хат пен құжаттар келіп түскен күні кіріс хат-хабарлары журналына тіркеу жүргізіп, көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасарына қарауға береді;

7) көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасары 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелеріне жетекшілік ететін бөлімінің басшысына қабылданған құжаттарды береді;

8) көрсетілетін қызметті берушінің арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелеріне жетекшілік ететін бөлімінің басшысы құжаттарды алған күні қабылданған құжаттарды 30 (отыз) минут ішінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жібереді;

9) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 1 (бір) жұмыс күні ішінде медициналық-әлеуметтік мекемеде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету немесе көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдау үшін азаматтарды медициналық-әлеуметтік мекемеге жолдау жөніндегі комиссияға құжаттар топтамасын жолдайды;

10) азаматтарды медициналық-әлеуметтік мекемелерге жолдау жөніндегі комиссия келіп түскен құжаттар топтамасын қарап, 1 (бір) жұмыс күні ішінде медициналық-әлеуметтік мекемелерде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету немесе көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына құжаттар топтамасын жолдайды;

11) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы азаматтарды медициналық-әлеуметтік мекемелерге жолдау жөніндегі комиссия медициналық-әлеуметтік мекемелерде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету немесе көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөліміне азаматтарды медициналық-әлеуметтік мекемелерге жолдау жөніндегі комиссияның шешімі туралы хабарламаны дайындап, көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасарына қол қоюға береді;

12) көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасары 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөліміне азаматтарды медициналық-әлеуметтік мекемелерге жолдау жөніндегі комиссияның шешімі

туралы хабарламаға қол қояды, көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасары хаттамаға қол қойған күні құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөліміне жолдайтын көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына хабарламаны береді;

13) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманы көрсетілетін қызметті берушіден құжаттар келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мерзімі көрсетіп, құжаттарды ресімдеу туралы хабарламаны немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жолдайды.

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

- 1) құжаттарды тіркеу;
- 2) көрсетілетін қызметті беруші басшысының бұрыштамасы;
- 3) әлеуметтік қызметкерге құжаттарды беру;
- 4) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілік туралы қорытынды;
- 5) құжаттарды, қорытындыны көрсетілетін қызметті берушіге жолдау;
- 6) тіркеу және көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасарына беру

;

7) көрсетілетін қызметті берушінің арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету мәселелеріне жетекшілік ететін бөлімінің басшысына жіберу;

8) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына құжаттарды жіберу;

9) құжаттарды комиссияға жолдау;

10) шешім қабылдау;

11) хабарламаны дайындау;

12) хабарламаға қол қою;

13) медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мерзімін көрсетіп, құжаттарды ресімдеу туралы хабарламаны немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жолдау.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау**

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманы;

- 2) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің басшысы;
- 3) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 4) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы;
- 5) көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасары;
- 6) көрсетілетін қызметті берушінің арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелеріне жетекшілік ететін бөлімінің басшысы;
- 7) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы;
- 8) көрсетілетін қызметті берушінің азаматтарды медициналық-әлеуметтік мекемелерге жолдау жөніндегі комиссиясы.

9. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері ) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы құжаттарды қабылдайды , оларды тіркеуді жүзеге асырады, тіркелген күні және мемлекеттік қызметті алатын күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген үзбелі талон береді және 30 (отыз) минут ішінде көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің басшысына береді;

2) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің басшысы 20 (жиырма) минут ішінде кіріс құжаттарымен танысып, көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің жауапты маманына орындауға жібереді;

3) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің жауапты маманы 1 (бір) жұмыс күні ішінде арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкерге құжаттарды береді;

4) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер 9 (тоғыз) жұмыс күні ішінде арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілік туралы қорытынды шығарып, көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманына береді;

5) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманы 1 (бір) жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілік туралы қорытындыны жолдау хатпен бірге медициналық-әлеуметтік мекемеде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету туралы шешім қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды;

6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы жолдау хат пен құжаттар келіп түскен күні кіріс хат-хабарлары журналына тіркеу жүргізіп, көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасарына қарауға береді;

7) көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасары 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелеріне жетекшілік ететін бөлімінің басшысына қабылданған құжаттарды береді;

8) көрсетілетін қызметті берушінің арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелеріне жетекшілік ететін бөлімінің басшысы құжаттарды алған күні қабылданған құжаттарды 30 (отыз) минут ішінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жібереді;

9) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 1 (бір) жұмыс күні ішінде медициналық-әлеуметтік мекемеде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету немесе көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдау үшін азаматтарды медициналық-әлеуметтік мекемеге жолдау жөніндегі комиссияға құжаттар топтамасын жолдайды;

10) азаматтарды медициналық-әлеуметтік мекемелерге жолдау жөніндегі комиссия келіп түскен құжаттар топтамасын қарап, 1 (бір) жұмыс күні ішінде медициналық-әлеуметтік мекемелерде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету немесе көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына құжаттар топтамасын жолдайды;

11) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы азаматтарды медициналық-әлеуметтік мекемелерге жолдау жөніндегі комиссия медициналық-әлеуметтік мекемелерде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету немесе көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөліміне азаматтарды медициналық-әлеуметтік мекемелерге жолдау жөніндегі комиссияның шешімі туралы хабарламаны дайындап, көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасарына қол қоюға береді;

12) көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасары 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөліміне азаматтарды медициналық-әлеуметтік мекемелерге жіберу жөніндегі комиссияның шешімі туралы хабарламаға қол қояды, көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасары хаттамаға қол қойған күні құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөліміне жолдайтын көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына хабарламаны береді;

13) көрсетілетін қызметті берушінің аудандық бөлімінің маманы көрсетілетін қызметті берушіден құжаттар келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мерзімін көрсетіп, құжаттарды ресімдеу туралы хабарламаны немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (әрекеттердің) реттілігінің, көрсетілетін қызмет беруші мамандарының өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы осы Регламенттің қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.




## 4. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен және ( немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау





9. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы және оның аумақтық бөлімшелерімен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл жасау, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану көзделмеген.

"Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттар ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Регламентіне қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Шартты белгілер:

-  - мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
-  - көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;
-  - таңдау нұсқасы;
-  - келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

Алматы қаласы әкімдігінің  
2017 жылғы 4 желтоқсандағы  
№ 4/499 қаулысына 15 қосымша  
Алматы қаласы әкімдігінің  
2015 жылғы 9 қыркүйектегі  
№ 3/539 қаулысына 16 қосымша

## **"Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті 1. Жалпы ережелер**

1. "Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген "Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының аудандық бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетілетін қызметті алушының тұрақты мекенжайы бойынша көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

- 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация);
- 2) көрсетілетін қызметті беруші;
- 3) [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз және (немесе) электрондық (толық автоматтандырылған) түрде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: көрсетілетін қызметті алушының атаулы әлеуметтік көмекті алушыларға тиесілігін (не тиесілі еместігін) растайтын анықтама.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз және (немесе) электрондық түрде.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау**

4. Көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушыдан өтінішті және Стандарттың 9 тармағында қарастырылған мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды алуы мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы көрсетілетін қызметті алушыдан өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар келіп түскеннен кейін 3 (үш) минут ішінде журналда тіркеу жүргізеді;

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы 5 (бес) минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыға ағымдағы тоқсанда атаулы әлеуметтік көмек көрсетілгені туралы немесе ағымдағы тоқсанда атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы мәліметтердің болмағандығы туралы мәліметтерді тексеруді жүзеге асырады;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы 3 (үш) минут ішінде көрсетілетін қызметті алушының ағымдағы тоқсанда атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін (не тиесілі еместігін) растайтын анықтаманы дайындайды, көрсетілетін қызметті беруші басшысының қолын қойдырады;

4) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы 4 (төрт) минут ішінде көрсетілетін қызметті алушының атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін (не тиесілі еместігін) растайтын анықтаманы береді.

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) өтінішті тіркеу;

2) көрсетілетін қызметті алушыға атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы мәліметтерді тексеру;

3) көрсетілетін қызметті алушының тиесілігін (не тиесілі еместігін) растайтын анықтаманы дайындау;

4) көрсетілетін қызметті алушының атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін (не тиесілі еместігін) растайтын анықтаманы беру.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау**

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы көрсетілетін қызметті алушыдан өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар келіп түскеннен кейін 3 (үш) минут ішінде журналда тіркеу жүргізеді;

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы 5 (бес) минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыға ағымдағы тоқсанда атаулы әлеуметтік көмек көрсетілгені туралы немесе ағымдағы тоқсанда атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы мәліметтердің болмағаны туралы мәліметтерді тексеруді жүзеге асырады;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы 3 (үш) минут ішінде көрсетілетін қызметті алушының ағымдағы тоқсанда атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін (не тиесілі еместігін) растайтын анықтаманы дайындайды, көрсетілетін қызметті беруші басшысының қолын қойдырады;

4) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы 4 (төрт) минут ішінде көрсетілетін қызметті алушының атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін (не тиесілі еместігін) растайтын анықтаманы береді.

### **4. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау**

9. Мемлекеттік корпорацияға және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілерге жүгіну тәртібін сипаттау, көрсетілетін қызметті алушының сұрау салуын өңдеу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы өтініш пен жеке басын куәландыратын құжатты Мемлекеттік корпорацияның инспекторына береді. Мемлекеттік

корпорацияның инспекторы 15 (он бес) минут ішінде көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылдайды, 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге береді;

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы 3 (үш) минут ішінде алынған құжаттарды тіркейді және журналда тіркеуді жүргізеді;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы 5 (бес) минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыға ағымдағы тоқсанда атаулы әлеуметтік көмек көрсетілгені туралы немесе ағымдағы тоқсанда атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы мәліметтердің болмағаны туралы мәліметтерді тексеруді жүзеге асырады;

4) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы 3 (үш) минут ішінде көрсетілетін қызметті алушының атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін (не тиесілі еместігін) растайтын анықтаманы дайындайды, көрсетілетін қызметті беруші басшысының қолын қойдырады;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы 1 (бір) жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға жолдайды;

6) Мемлекеттік корпорация маманы 15 (он бес) минут ішінде көрсетілетін қызметті алушының атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін (не тиесілі еместігін) растайтын анықтаманы береді.

10. Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының рәсімдерінің (іс-әрекеттерінің) реттілігін және жүгіну тәртібін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті алушы жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН), сондай-ақ парольдің (порталда тіркелмеген көрсетілетін қызметті алушы үшін жүзеге асырылады) көмегімен порталға тіркеледі;

2) 1-процесс - қызметті алу үшін порталда көрсетілетін қызметті алушының ЖСН және парольді (авторизациялау үдерісі) енгізу процесі;

3) 1-шарт - ЖСН және пароль арқылы тіркелген көрсетілетін қызметті алушының деректерінің түпнұсқалығын порталда тексеру;

4) 2-процесс - көрсетілетін қызметті алушының құжаттарында бұзушылықтардың болуына байланысты, авторизациялаудан бас тарту туралы порталда хабарламаны қалыптастыру;

5) 3-процесс – көрсетілетін қызметті алушының осы регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету үшін экранға сұрау салудың нысанын шығару және форматтық талаптарын және оның құрылымын ескере отырып, көрсетілетін қызметті алушының нысанды толтыруы (мәліметтерді енгізуі), Стандарттың 9 тармағында көрсетілген қажетті құжаттардың көшірмелерін электрондық түрінде сұрау салу нысанына тіркеу, сондай-ақ сұрау салуды куәландыру (қол қою) үшін көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбаның (бұдан әрі – ЭЦҚ) тіркеу куәлігін таңдауы;

6) 2-шарт – порталда ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімін және қайтарылған (жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімінде болмауын, сондай-ақ сәйкестендіру деректерінің сәйкестігін (сұрау салуда көрсетілген ЖСН және ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН арасында) тексеру;

7) 4-процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ расталмауына байланысты, сұралып отырған қызметтен бас тарту туралы хабарлама қалыптастыру;

8) 5-процесс – көрсетілетін қызметті алушының сұрау салуын өңдеу үшін ЭҮШ арқылы көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған (қол қойылған) электрондық құжатты (көрсетілетін қызметті алушының сұрауын) жолдау;

9) 3-шарт - көрсетілетін қызметті берушінің Стандарттың 9 тармағында көрсетілген және қызмет көрсету үшін негіз болатын көрсетілетін қызметті алушы қоса берген құжаттардың сәйкестігін тексеруі;

10) 6-процесс - көрсетілетін қызметті алушының құжаттарында бұзушылықтардың болуына байланысты, сұралып отырған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

11) 7-процесс – көрсетілетін қызметті алушының порталда қалыптастырылған қызметтің нәтижесін (электрондық құжат нысанындағы анықтама) алуы.


Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылының диаграммасы осы регламенттің 1 қосымшасына сәйкес көрсетілген.






Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігінің, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы, сонымен қатар өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен және (немесе) Мемлекеттік корпорациямен өзара іс-қимыл тәртібінің және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы регламенттің 2 қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

"Өтініш берушінің (отбасының)  
атаулы әлеуметтік көмек алушыларға  
тиестілігін растайтын анықтама беру"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
регламентіне  
1 қосымша

# Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылының диаграммасы




## Шартты белгілер:





-  - нәтиже;
-  - бастапқы хабарлама;
-  - аралық хабарлама;
-  - басқару ағыны;
-  - хабарлама ағыны.

"Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиестілігін растайтын анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне  
2 қосымша

## Мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



### Шартты белгілер:

-  - мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
-  - көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;
-  - таңдау нұсқасы;
-  - келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.